

## Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округінің Лесные поляны ауылы көшелеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Полтавка селолық округі әкімінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі N 15 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 23 қазанда N 1909 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбында және барлық мәтін бойынша "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 10.07.2018 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Лесные поляны ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округі Лесные поляны ауылы көшелеріне атау берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

*Е. Тәшметов*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Аққайың ауданының мәдениет

және тілдерді дамыту бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

*О. Плищенко*

2012 жыл 14 қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

"Аққайың ауданының құрылыс бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

*А. Шабаяев*

2012 жыл 14 қыркүйек

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы  
Полтавка ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 14  
қыркүйектегі № 15 шешіміне қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Полтавка ауылдық округі  
Лесные поляны ауылы көшелерінің атауы**

Бірінші көше – Центральная көшесі

Екінші көше – Зеленая көшесі

Қиылыс – Школьный қиылысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ